



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ

ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ 43 БАСПАС ӨЗ РЕЛИЗІ

2007 ЖЫЛҒЫ 14 ҚАРАША

**2007 жылғы қазандағы қаржы нарығындағы
аҳуал туралы**

1. Инфляция. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің ресми деректері бойынша 2007 жылғы қазанда инфляция 4,4% құрады (2006 жылғы қазанда – 0,7%), бұл 2000 жылғы ақпанның бастап ең жоғарғы мәні болып табылады. Азық-түлік тауарларының бағасы – 6,5%, азық-түлікке жатпайтын тауарлар 1,5%, ақылы қызмет көрсету 4,2%-ға өсті.

Откен айда азық-түлік тауарларының ішінде көп дәрежеде май және малдың майы – 35,4%, оның ішінде күнбағыс майы – 59,1%, ұн – 21,2%, жұмыртқа – 11,8%, сүт және сүт өнімдері – 7,8% қымбаттады.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар тобында бензин – 2,9%, жуғыш және тазалағыш құралдар 1,3% қымбаттады.

Халықта ақылы қызмет көрсету құрылымында тұрғын үй-коммуналдық қызмет көрсету электр энергиясының 14,0%, ыстық сумен жабдықтаудың 11,1% қымбаттауы есебінен 6,7% қымбаттады. Мектеп жасына дейінгі білім беру 6,9% қымбаттады. Көлік қызметі 0,1%, бұл ретте теміржол жолаушылар көлігі қызметтері 1,0% арзандады.


Инфляция күнбағыс майына бағаның өсуін есептемегендеге 2007 жылғы қазанда нақты 4,4% орнына 3,4% жденгейде қалыптасқан болар еді.

2007 жылғы қантар-қазан ішінде инфляция 13,4% болды, ол 2006 жылғы тиісті кезеңде 6,6% болды.

Инфляцияның жедел өсуіне оның құрамдас бөліктерінің негізінен, азық-түлік тауарларының – 18,6% (2006 жылғы қантарда-қазанда – 4,9%), едәуір дәрежеде азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының – 7,3% (6,0%-ға) және ақылы қызмет көрсетудің – 11,9% (10,2%) өсуі себепші болды (1-график).

1-график

2006 және 2007 ж.ж. қантар-қазандағы инфляция және оның құрамдас бөліктері



2007 жылғы қазанда инфляция жылдық көрсеткіште – 15,3% (2006 жылғы желтоқсанда – 8,4%) болды.

2. Ақша агрегаттары.

2007 жылғы қазанда Ұлттық Банктің таза сыртқы активтерінің азауы ақша базасының 12,2% тарылып, 1502,7 млрд. теңгеге дейін (жыл басынан бері – кеңеюі 0,1%) жетуіне себепші болды.

Тар ақша базасы, яғни екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктері мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы 12,3% тарылып, 1498,7 млрд. теңгеге (жыл басынан бері – кеңеюі 9,4%) жетті.

2007 жылғы қыркүйекте банк жүйесінің таза сыртқы активтерінің азауы салдарынан ақша массасы 2,6%, 4 453,4 млрд.теңгеге дейін (жыл басынан бері – ұлғауы 21,1%) азайды.

2007 жылғы қыркүйекте айналыстағы қолма-қол ақша 4,4% азайып, 770,7 млрд. теңге болды, ал банк жүйесіндегі депозиттер 2,2% азайып, 3682,7 млрд. теңге (жыл басынан бері - өсуі тиісінше, 28,3% және 19,7%) болды. Нәтижесінде депозиттердің ақша массасының құрылымындағы үлесі 82,4%-дан 82,7%-ға дейін ұлғайды.

Ақша базасының тарылу қарқынымен салыстырғанда ақша массасының неғұрлым төмендеу қарқыны ақша мультипликаторының тамыздағы 2,61-ден қыркүйекте 2,60-қа дейін азауына себепші болды.

3. Валюта нарығы.

2007 жылғы қазанда ішкі валюта нарығындағы ахуал тұрақты болды.

Бі ай бойы теңгенің АҚШ долларына бағамы 1 доллар үшін 120,55–120,98 теңге диапазонында өзгерді. 2007 жылғы қазанда теңге 0,06% (жыл басынан бастап – 4,81%) нығайды және айдың аяғында биржалық бағам бір доллар үшін теңге 120,89 теңге болды.

Қазанда биржалық операциялардың көлемі Қазақстан Қор Биржасында қосымша сауда-саттықтардағы мәмілелерді ескере отырып, қыркүйекпен салыстырғанда 42,2% азайды және 3,8 млрд. АҚШ долл. (жыл басынан бастап – 62,8 млрд. долл.) болды. Биржадан тыс валюта нарығында операциялар көлемі 37,5% азайды және 7,9 млрд. АҚШ долл. (жыл басынан бастап – 125,1 млрд. долл.) болды.

4. Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы.

2007 жылғы қазанда Қаржы министрлігі 18,4 млрд. теңге сомаға 12-айлық МЕККАМ-ды және 2,0 млрд. теңге сомаға 10-жылдық МЕУЖКАМ-ды орналастырды. Орналастырылған бағалы қағаздар бойынша тиімді кірістілік тиісінше, инфляция деңгейінен 9,29% және 1,0% болды.

Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарын өтеу 2007 жылғы қазанда 2,7 млрд. теңге болды. Нәтижесінде айналыстағы олардың көлемі 2007 жылғы қазаның аяғында өткен аймен салыстырғанда 3,6% ұлғайып, 495,3 млрд. теңге болды.

Ұлттық Банк ноталары эмиссиясының көлемі 2007 жылғы қазанда 2007 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 20,4% қыскарды және 89,2 млрд. теңге болды. Қысқа мерзімді ноталардың кірістілігі қыркүйектегі 5,50%-дан бастап қазанда 5,61% дейін көтерілді.

Ұлттық Банктің ноталарын өтеу, мерзімінен бұрын өтеуді қоса алғанда, сыйақы бойынша төлемдерді ескере отырып 2007 жылғы қазанда 202,5 млрд. теңге болды.

Айналыстағы ноталардың көлемі 2007 жылғы қазаның аяғында 2007 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 29,9% төмендеп, 283,6 млрд. теңге болды.

2007 жылғы қыркүйекте кері репо операциясы 90,7 млрд. теңге болды. Репо операциясы, сондай-ақ Қаржы министрлігінің бағалы қағаздарын сатып алу және сату операциялары жүргізілген жоқ.

5. Банкаралық ақша нарығы. 2007 жылғы қазанда орналастырылған банкаралық депозиттердің жалпы көлемі 2007 жылғы қыркүйекпен салыстырғанда 22,6% жоғарылап, баламасы 3782,9 млрд.теңгені құрады.

Тенгемен орналастырылған банкаралық депозиттердің көлемі 14,5% жоғарылад, 220,4 млрд.тәнгені құрады. Бұл ретте тенгемен орналастырылған банкаралық депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы қазанда 8,5%-дан 7,15%-ға дейін төмендеді.

Ұлттық Банктің екінші деңгейдегі банктерден тартқан депозиттердің көлемі қазанда 21,4% жоғарылад, 18,8 млрд.тәнге болды.

2007 жылғы қазанда доллармен орналастырылған депозиттер көлемі қыркүйекпен салыстырғанда 26,7% өсіп, 26,9 млрд. АҚШ долларын (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 86%) құрады. Доллармен орналастырылған депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 5,11%-дан 4,86%-ға дейін төмендеді. Бұл ретте доллар депозиттерінің негізгі бөлігі резидент емес банктерде орналастырылды (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 96,6%).

6. Депозит нарығы. 2007 жылғы қыркүйекте банк жүйесіндегі резиденттер депозиттерінің жалпы көлемі 2007 жылғы тамызбен салыстырғанда 2,2% төмендеп (2006 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 19,7% жоғарылады), 3682,7 млрд. тәнге болды. Заңды тұлғалардың депозиттері 1,7% төмендеп, 2289,4 млрд. тәнге болды, жеке тұлғалардың депозиттері 3,1% төмендеп, 1393,3 млрд. тәнге болды.

2007 жылғы қыркүйекте ұлттық валютадағы депозиттер 2,3% төмендеп, 2554,8 млрд. тәнге болды, шетел валютасындағы депозиттер 2,0% төмендеп, 1127,9 млрд. тәнгені құрады. Нәтижесінде, тенгемен салынған депозиттердің үлес салмағы өзгермей, 69,4% құрады.

Халықтың (резидент еместерді қоса алғанда) банктердегі салымдары осы айда 1405,9 млрд. тәнгеге дейін 3,0% төмендеді. 2007 жылғы қыркүйекте халықтың салымдары құрылымындағы тенгемен орналастырылған депозиттер 927,4 млрд. тәнгеге дейін 6,5% төмендеді, ал шетел валютасындағы депозиттер 478,5 млрд. тәнгеге дейін 4,8% жоғарылады. Нәтижесінде, тенгедегі депозиттердің үлес салмағы 68,5%-дан 66,0%-ға дейін төмендеді.

Банк депозиттері бойынша ставкалардың динамикасы мынадай өзгерістермен сипатталды. 2007 жылғы қыркүйекте банк емес заңды тұлғалардың тенгемен мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 6,2% (2007 жылғы тамызда 6,6%), ал жеке тұлғалардың депозиттері бойынша 11,0% (10,2%) болды.

7. Кредит нарығы. 2007 жылғы қыркүйекте банктердің экономикаға кредиттері бойынша негізгі борыштың жалпы көлемі 2007 жылғы тамызбен салыстырғанда 0,2% төмендеп (жыл басынан бері 51,7% жоғарылад), 7118 млрд. тәнге болды.

Ұлттық валютадағы кредиттер осы айда 1,9% артып, 4049 млрд. тәнгені, ал шетел валютасындағы кредиттер 2,8% азайып, 3069 млрд. тәнгені құрады. Нәтижесінде тенгемен берілген кредиттердің үлес салмағы 2007 жылғы тамызбен салыстырғанда 55,7%-дан 56,9%-ға дейін жоғарылады.

Ұзақ мерзімді кредиттер 0,2% төмендеп, 5607,8 млрд. тәнгені құрады, ал қысқа мерзімді кредиттер 0,1% төмендеп, 1510,2 млрд. тәнгені құрады. Нәтижесінде ұзақ мерзімді кредиттердің үлес салмағы тамызбен салыстырғанда өзгермей, 78,8% құрады.

Қыркүйек айында заңды тұлғаларға берілген кредиттер 0,3% төмендеп, 4591,1 млрд.тәнге болды, ал жеке тұлғаларға берілген кредиттер 0,1% артып, 2526,9 млрд.тәнге болды. Нәтижесінде жеке тұлғаларға берілген кредиттердің үлес салмағы 35,4%-дан 35,5%-ға дейін жоғарылады.

Банктердің шағын кәсіпкерлік субъектілеріне берген кредиттері қыркүйекте тамызбен салыстырғанда 0,5% төмендеп (жыл басынан бері 69,7% жоғарылад), 1461,2 млрд. тәнгені құрады.

Салалар бойынша экономиканың сауда (21,5%), құрылыш (16,7%), өнеркәсіп (9,3%) және ауыл шаруашылығы (3,4%) тәрізді салалары мейлінше көбірек кредиттелуде.

2007 жылғы қыркүйек айында 2007 жылғы тамызбен салыстырғанда жеке тұлғаларға ұлттық валютамен берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы ставкасы 17,1%-дан 18,7%-ға дейін, ал занды тұлғаларға берілген кредиттер бойынша 13,5%-дан 14,4%-ға дейін жоғарылады.